

Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев ауданы мәслихатының 2021 жылғы 8 қаңтардағы № 46-3 "2021-2023 жылдарға арналған Мағжан Жұмабаев ауданы Алтын дән ауылдық округінің бюджетін бекіту туралы" шешіміне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев ауданы мәслихатының 2021 жылғы 1 сәуірдегі № 3-10 шешімі. Солтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2021 жылғы 5 сәуірде № 7234 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Бюджет кодексінің 106-бабының 4-тармағына, 109-1-бабына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6-бабының 2-7-тармағына сәйкес, Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев ауданының мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. "2021-2023 жылдарға арналған Мағжан Жұмабаев ауданы Алтын дән ауылдық округінің бюджетін бекіту туралы" Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев ауданы мәслихатының 2021 жылғы 8 қаңтардағы № 46-3 шешіміне (2021 жылғы 20 қаңтарда Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің электрондық түрдегі эталондық бақылау банкінде жарияланған, Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 7069 болып тіркелген) келесі өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1-тармақ жаңа редакцияда баяндалсын:

"1. 2021-2023 жылдарға арналған Мағжан Жұмабаев ауданы Алтын дән ауылдық округінің бюджеті тиісінше осы шешімге 1, 2 және 3-қосымшаларға сәйкес, оның ішінде 2021 жылға мынадай көлемдерде бекітілсін:

1) кірістер – 53 728,0 мың теңге:

салықтық түсімдер – 4 500,0 мың теңге;

салықтық емес түсімдер – 0,0 мың теңге;

негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер – 0,0 мың теңге;

трансферттер түсімі – 49 228,0 мың теңге;

2) шығындар – 55 461,3 мың теңге;

3) таза бюджеттік кредиттеу – 0,0 мың теңге:

бюджеттік кредиттер – 0,0 мың теңге;

бюджеттік кредиттерді өтеу – 0,0 мың теңге;

4) қаржы активтерімен операциялар бойынша сальдо – 0,0 мың теңге:

қаржы активтерін сатып алу – 0,0 мың теңге;

мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер – 0,0 мың теңге;

5) бюджет тапшылығы (профициті) – -1 733,3 мың теңге;

6) бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану) – 1 733,3 мың теңге:

қарыздар түсімі – 0,0 мың теңге;

қарыздарды өтеу – 0,0 мың теңге;

бюджет қаражатының пайдаланылатын қалдықтары – 1 733,3 мың теңге.";

4-тармақ жаңа редакцияда баяндалсын:

"4. 2021 жылға арналған Алтын дән ауылдық округінің бюджетінде облыстық бюджеттен ағымдағы трансферттер түсімі ескерілсін, оның ішінде:

1) Придорожное ауылындағы көше жарығын ағымдағы жөндеуге;

2) Советское ауылын жарықтандырумен кентішілік жолдарды орташа жөндеуге.";

келесі мазмұндағы 4-1-тармақпен толықтырылсын:

"4-1. 2021 жылға арналған Алтын дән ауылдық округінің бюджетінде аудан бюджетінен ағымдағы трансферттердің түсімдері ескерілсін:

1) Советское ауылындағы көше жарығын ағымдағы жөндеуге;

2) Советское ауылының кентішілік жолдарын ағымдағы жөндеуге.";

келесі мазмұндағы 4-2-тармақпен толықтырылсын:

"4-2. Алтын дән ауылдық округінің бюджетінде 2021 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша қалыптасқан бюджеттік қаражаттардың бос қалдықтары есебінен 4-қосымшаға сәйкес шығыстар ескерілсін.";

көрсетілген шешімнің 1-қосымшасы осы шешімнің 1-қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда баяндалсын;

көрсетілген шешімнің 2-қосымшасына сәйкес 4-қосымшамен толықтырылсын.

2. Осы шешім 2021 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

*Мағжан Жұмабаев ауданы мәслихаты
сессиясының төрағасы*

*Мағжан Жұмабаев ауданы
мәслихатының хатшысы*

Ж. Хайдарова

Т. Абильмажинов

Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан
Жұмабаев ауданы мәслихатының
2021 жылғы 1 сәуірдегі
№ 3-10 шешіміне
1-қосымша

Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан
Жұмабаев ауданы мәслихатының
2021 жылғы 8 қаңтардағы
№ 46-3 шешіміне
1-қосымша

Мағжан Жұмабаев ауданы Алтын дән ауылдық округінің 2021 жылға арналған бюджеті

--	--	--	--	--	--

Санаты	Сыныбы	Кіші сыныбы	Атауы	Сомасы мың теңге
			Кірістер	5 3 728,0
1			Салықтық түсімдер	4 500,0
	04		Меншікке салынатын салықтар	4 500,0
		1	Мүлікке салынатын салықтар	60,0
		3	Жер салығы	300,0
		4	Көлік құралдарына салынатын салық	4 140,0
2			Салықтық емес түсімдер	0,0
3			Негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер	0,0
4			Трансферттер түсімі	4 9 228,0
	02		Мемлекеттік басқарудың жоғары тұрған органдарынан түсетін трансферттер	4 9 228,0
		3	Аудандық (облыстық маңызы бар қаланың) бюджеттен трансферттер	4 9 228,0
Функционалдық топ				Сомасы
	Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі			мың теңге
		Бағдарлама		
			Атауы	
			Шығындар	5 5 461,3
01			Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер	1 5 014,0
	124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	1 5 014,0
		001	Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	1 5 014,0
07			Тұрғынүй-коммуналдық шаруашылық	1 1 660,0
	124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	1 1 660,0
		008	Елді мекендердегі көшелерді жарықтандыру	1 1 660,0
12			Көлік және коммуникация	5 000,0
	124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	5 000,0
		013	Аудандық маңызы бар қалаларда, ауылдарда, кенттерде, ауылдық округтерде автомобиль жолдарының жұмыс істеуін қамтамасыз ету	5 000,0
13			Басқалар	2 3 783,0
	124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	2 3 783,0

		058	"Ауыл-Ел бесігі" жобасы шеңберінде ауылдық елді мекендердегі әлеуметтік және инженерлік инфрақұрылымдарды дамыту	2 3 783,0
15			Трансферттер	4,3
	124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	4,3
		048	Пайдаланылмаған (толық пайдаланылмаған) нысаналы трансферттерді қайтару	4,3
			Таза бюджеттік кредиттеу	0,0
			Бюджеттік кредиттер	0,0
			Бюджеттік кредиттерді өтеу	0,0
			Қаржы активтерімен операциялар бойынша сальдо	0,0
			Қаржы активтерін сатып алу	0,0
			Мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер	0,0
			Бюджет тапшылығы (профициті)	-1 733,3
			Бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану)	1 733,3
			Қарыздар түсімі	0,0
			Қарыздарды өтеу	0,0
8			Бюджет қаражатының пайдаланылатын қалдықтары	1 733,3
	1		Бюджет қаражаты қалдықтары	1 733,3
		1	Бюджет қаражатының бос қалдықтары	1 733,3

Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан
Жұмабаев ауданы мәслихатының
2021 жылғы 1 сәуірдегі
№ 3-10 шешіміне
2-қосымша

Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан
Жұмабаев ауданы мәслихатының
2021 жылғы 8 қаңтардағы
№ 46-3 шешіміне
4-қосымша

Алтын дән ауылдық округі бюджетінің 2021 жылғы 1 қаңтарға қалыптасқан бюджет қаражатының бос қалдықтары және 2020 жылы пайдаланылмаған (толық пайдаланылмаған) нысаналы трансферттерді аудандық бюджеттен қайтару есебінен пығыстары

Санаты	Сыныбы	К і ш і сыныбы	Атауы	Сомасы мың теңге
			Кірістер	1 733,3
8			Бюджет қаражатының пайдаланылатын қалдықтары	1 733,3
	1		Бюджет қаражаты қалдықтары	1 733,3
		1	Бюджет қаражатының бос қалдықтары	1 733,3
Функционалдық топ				

Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі			Сомасы
Бағдарлама			мың
Атауы			теңге
		Шығындар	1 733,3
07		Тұрғынүй-коммуналдық шаруашылық	1 729,0
	124	Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	1 729,0
	008	Елді мекендердегі көшелерді жарықтандыру	1 729,0
15		Трансферттер	4,3
	124	Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	4,3
	048	Пайдаланылмаған (толық пайдаланылмаған) нысаналы трансферттерді қайтару	4,3

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК